

*ҚРҰБ Төрағасы Е.А. Досаевтың
«Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі
Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы»
мәселесі бойынша Үкімет отырысындағы баяндамасы*

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйекте айтылған Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп **2022 жылы** инфляцияны **4-6% нысаналы дәлізге қайтаруға** айрықша көңіл бөлетін болады.

Мемлекет басшысы Жолдауда **монетарлық емес факторлар** әсерінің ұлғаюын, әсіресе азық-түлік бағасының өскенін атап өтті. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша, **ішкі өндіріс** қажеттілігінің **ресми жабылуына** қарамастан, жекелеген нарықтардағы тұрақты теңгерімсіздік нәтижесінде азық-түлік инфляциясының өсуі **11,4%-ті** құрады. Маусымаралық кезеңде картоп пен сәбіздің **бақылаусыз экспортына** байланысты олардың жазғы айларға тән бағаға қарағанда бағаларының күрт өсуі және соның салдарынан ішкі нарықта **дефициттің** пайда болуы осы жылдың айқын көрінісі болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген факторлардың негізінде Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін азық-түлік бағасының өсуіне қарсы күресте Үкімет пен әкімдердің негізгі күш-жігерін **тауар өндірісінің, экспорт пен импорт балансын** ескере отырып, ішкі нарықты **жан-жақты толықтыруға** жұмсау

керек.

Инфляцияны **2022** жылы **нысаналы дәлізге қайтару** бойынша Жолдауда қойылған міндеттерді тиімді түрде шешу үшін **2021-2023** жылдарға арналған инфляцияға қарсы **әрекет ету шараларының кешені** әзірленіп, келісудің соңғы сатысында тұр.

Макроэкономикалық саясатты үйлестіру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған **келісіммен** бірге бұл шаралар инфляцияның азық-түлікке жататын және азық-түлікке жатпайтын бөліктерінің **монетарлық емес факторларын айтарлықтай төмендетуді** қамтамасыз етуге, орта мерзімді негізде **болжамды және теңгерімді тарифтік саясатты** қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекет басшысы Жолдауда қаржылық тұрақтылық қорының **шексіз емес екенін** де атап өтті. Бүгінгі күні бюджет тапшылығын және Ұлттық қордан берілетін трансферттерді арттыру есебінен өсуі толықтырылып отыратын **мемлекеттік шығыстардың** айтарлықтай ұлғаюы **проинфляциялық қысымның** қосымша көзі болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес Ұлттық қордан берілетін трансферттердің көлемін және мемлекеттік шығыстардың өсу қарқынын шектейтін **контрциклдық бюджеттік қағида** енгізілетін болады. Бұл үшін Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп **Бюджет кодексіне** енгізілетін түзетулерді әзірлейді және тиісті тәсілдер **Мемлекеттік қаржыны басқару**

тұжырымдамасында бекітіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **биылғы жылғы қыркүйекте «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы 2022 жылдың соңына дейін ұзартылады.**

Кәсіпкерлікті, әсіресе ауылдағы кәсіпкерлікті кредиттеуді одан әрі дамыту үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп ағымдағы жылдың соңына дейін микроқаржы ұйымдарының мүмкіндіктерін кеңейтуге **қажетті шешімдер топтамасы** дайындалатын болады.

Инфляцияны нысаналы дәлізге **қайтару** және ақша-кредит саясатының **тиімділігін арттыру** бойынша Мемлекет Басшысы қойған міндеттерді сапалы түрде іске асыру мақсатында Ұлттық Банк **баға тұрақтылығын** қамтамасыз етуге **қажетті шараларды** қабылдауға ниеттеніп отыр.

Назарларыңызға рақмет!